

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
2025-2026 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№1 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 15:00

Сенат залы

Қатысқандар: Сенат мүшелері

27 тамыз 2025 жыл

Сәрсенбі

Күн тәртібінде:

3. Әртүрлі мәселелер:

3.1 Университет ОПҚ-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (*Баяндамашы: Сенат хатшысы, регламент 10 минут*);

3.1.2 Инженерия факультетінің ғылым және тәрбие істері жөніндегі декан орынбасары, «Электр инженериясы» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, PhD Агабекова Ақтолқын Бекарысовнаның 20500– «Материалдық инжиниринг» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

*Қаралды:*

Сенат «Электр инженериясы» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, PhD Агабекова Ақтолқын Бекарысовнаның 20500 – «Материалдық инжиниринг» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберу туралы мәселесін қарады.

Сенат хатшысы А.Абибуллаева «Электр инженериясы» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, PhD Агабекова Ақтолқын Бекарысовнаның 20500– «Материалдық инжиниринг» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынған құжаттары мен ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

PhD, қауымдастырылған профессор м.а. А.Б.Агабекова –жалпы ғылыми еңбектер саны 40 тан аса, оның ішінде 1 – монография, 2 патент, сонымен қатар Scopus (Скопус) және Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы ғылыми журналдардағы ғылыми жарияланымдар саны – 11, Уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда – 15, отандық және шетелдік басылымдарда – 10, халықаралық (шетелдік) конференцияларда жарияланған еңбектер саны – 8.

*А.Абибуллаева:* Агабекова Ақтолқын Бекарысовна университетте 2012 жылдан бері қызмет етіп келе жатыр, жалпы жұмыс өтілі 15 жыл, ғылыми-

педагогикалық жұмыс өтілі 13 жыл. 2021 жылы PhD (4 жыл), 2023 жылдан университетте қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы (2 жыл) қызметінде, 2022-2024 жылдарында Инженерия факультетінің Оқу-әдістемелік комитеті төрағасы, 2024 жылдан бастап Инженерия факультетінің ғылым және тәрбие істері жөніндегі декан орынбасары қызметін атқаруда.

*Шығып сөйлегендер:*

Сенат мүшесі, п.ғ.к., доцент Г.Ж.Ниязова сөз алып, «Электр инженериясы» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, PhD Агабекова Ақтолқын Бекарысовнаның 20500 – «Материалдық инжиниринг» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары кафедра мәжілісінің ұсынуымен факультет кеңесінің қолдау білдіргенін айтып өтті:

- Агабекова Ақтолқын Бекарысовна осы университетте 2012 жылдан бері қызмет істеп келеді. Университетте ғалым-педагог ретінде, түрлі қоғамдық ұйымдардың мүшесі ретінде өз ісін жоғары деңгейде атқарады. 2019 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған, 2023-2025 жылдары аралығында АР19679034 «Технологиялық процесте полимер қалдықтарын кәдеге жаратумен жол саласы үшін битум материалдарын алу технологиясын әзірлеу» атты гранттық жоба орындаушысы, қазіргі таңда Инженерия факультетінің ғылым және тәрбие істері жөніндегі декан орынбасары қызметін абыроймен атқарып келеді.


Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Агабекова Ақтолқын Бекарысовна қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға лайықты деп есептеймін және ұсынысты қолдаймын.

**Ашық дауыс беру нәтижесінде СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**

**3.1.2** Инженерия факультетінің ғылым және тәрбие істері жөніндегі декан орынбасары, «Электр инженериясы» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, PhD Агабекова Ақтолқын Бекарысовнаның аттестаттау ісі 20500 – «Материалдық инжиниринг» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы Абибуллаева Айман Абибуллақызы*).

**Сенат төрайымы**  
**Сенат хатшысы**

**Ж.Темирбекова**  
**А.Абибуллаева**



**А.Абибуллаева**